

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 11 ақпан N 204

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Z990422_ Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - Мекеме) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен: 2000 жылға арналған республикалық бюджетте ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен және шектерінде Мекемені қаржыландыруды;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат саны лимитінің шегінде Мекеменің штат санын айқындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

- 1) Мекеменің Жарғысын бекітсін;
- 2) Мекемені мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 11 ақпандағы
N 204 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне
ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің
ТІЗБЕСІ

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия	Алматы қаласы
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Көкшетау қаласы Ақмола облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Ақтөбе қаласы Ақтөбе облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Алматы қаласы Алматы облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі облыстық инспектурасы	Өскемен қаласы Шығыс Қазақстан
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Тараз қаласы Жамбыл облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі Батыс инспектурасы	Орал қаласы Қазақстан облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Қостанай қаласы Қостанай облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Павлодар қаласы Павлодар облыстық
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі облыстық инспектурасы	Петропавл қаласы Солтүстік Қазақстан
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі облыстық инспектурасы	Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстан
Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын сынау жөніндегі инспектурасы	Қарағанды қаласы Қарағанды облыстық

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын Қызылорда қаласы
сынау жөніндегі Қызылорда облыстық
инспектурасы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын Астана қаласы
сынау жөніндегі Тың аймақтық
инспектурасы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын Талдықорған
сынау жөніндегі Оңтүстік-Шығыс аймақтық қаласы
инспектурасы

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сортын Семей қаласы
сынау жөніндегі Жетісу облыстық
инспектурасы